

КОРПОРАТИВТІК ЖУРНАЛ

BURGYLAU

«Бұрғылау»
№1/01 (ақпан 2018)
Құрылтайшы:
130200, «Бұрғылау» ЖШС,
Жаңаөзен қаласы,
Өндірістік аймақ
Байланыс телефондары:
8 (72934) 92412

Жоба координаторы:
«Бұрғылау» ЖШС, әлеуметтік даму бөлімі
Редакция алқасы:
Сенбек НӘБИЕВ,
Айжан НАСЫРОВА,
Ерлан ҚАЛИЕВ.

Журнал Алматы қаласы,
«GUPPY PRINT» баспаханасында басылып шықты.
Тираж - 95 дана
Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға рұқсат етілмейді.
Редакцияға жолданған материалдарға
рецензия жасалмайды және қолжазба авторға
қайтарылмайды.

Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

10

ҰЖЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТ

Қызметкерлерге тиімді
қарым-қатынас құрудың жолдарын үйрету

12

ЖҰМЫСШЫ МҮДДЕСІ - БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ

«Бұрғылау» ЖШС кәсіподақ ұйымының төрағасы
Сәкен Бекқалиевпен сұхбат

19

ҚАУІПСІЗДІК - БАСТЫ НАЗАРДА

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бөлімі

20


ТАРИХИ СӘТТІҢ КУӘСІ БОЛДЫ

Бұрғылаулықтар Астана «EXPO-2017» көрмесіне қатысты

24

БҰРҒЫЛАУШЫ ЖАСТАР БЕЛСЕНДІ

Мекеме жастарының тыныс-тіршілігі, атқарған игі істері жайында





Дүйсенбай ТАУШАНОВ
 «Бұрғылау» ЖШС бас директоры

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР! АРДАҚТЫ ОҚЫРМАН!

Бұрғылау жұмыстарының негізі Өзен өңірінде өткен ғасырдың орта тұсында қаланғаны белгілі. Жарты ғасырдан астам тарихы бар кәсіпорын өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуына елеулі үлесін қосып келеді. Бүгінгі аға буын мұнайшылар, білікті басшы мен білімді маманның - барлығы дерлік алғашқы еңбек жолын осы мекемеден бастаған.

Бүгінде «Бұрғылау» ЖШС тек Маңғыстау өңірінде ғана емес, республика көлемінде бәсекелестікке төтеп бере алатын ірі компаниялардың біріне айналды. Ұдайы даму мен жаңаруды мақсат ететін мекеме қызметкерлерінің тек өндіріс жұмысы аясында ғана емес, рухани дамуына да көп көңіл бөледі. Басшылық пен жұмысшылар арасында мәдени, спорттық шаралар ұйымдастырылып, интеллектуалдық өсуіне, біліктілігін арттыруға, идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік жасалады.

Өткен жыл мекеме үшін табысты жылдардың бірі болды. Қызметкерлеріміздің кәсіби біліктілігін арттыруда оқу-семинарлар өткіздік. IWCF бағдарламасы бойынша қызметкерлерімізді оқыттық. Мұндай шаралар алдағы уақытта жалғасын табады. Мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі мұнайшы Н.Ә. Марабаевтың 80 жылдық мерейтойына орай ауқымды іс-шаралар, республикалық қазақ күресінен турнир өткіздік. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында әртүрлі шаралар ұйымдастырылып, 2017 жылы еліміздің

төрінде өткен халықаралық ЭКСПО көрмесіне мекеме қызметкерлерінің қатысуына, жақсылықтың куәсі болуына мүмкіндік жасадық.

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы Жолдауында көрсетілген бағыттар, мақсат-міндеттемелер ел дамуына даңғыл жол салатын, алға бастайтын үлкен белестің бірі. Осы белеске шығу үшін Жолдауда көрсетілгендей әлеуметтік, экономикалық күшімізді біріктіріп, еліміздің жағдайын жақсартудың нақты жолдарын жүзеге асыру қажет. Бұл орайда компания жұмысының атқарар рөлі зор болмақ. Ал, жасалған жұмыстар мекеменің ұжымдық журналында айқын көрінбек. Мерзімді басылым кәсіпорынның әлеуметтік-экономикалық тыныс-тіршілігінен бөлек мәдени-рухани өмірі туралы да сыр шертіп, қызметкерлеріміздің қуаныштарына ортақтасатын журнал болады деп сенемін.

Сөз соңында барша жаңаөзендіктерді алда келе жатқан қаланың 50 жылдық мерейтойымен және журналдың алғашқы санының жарық көруімен шын жүректен құттықтаймын!

Баршаңыздың шаңырақтарыңызға береке, дендеріңізге саулық, молшылық пен толағай табыстар тілеймін. Биік межелер мен асқар асуларды бірге бағындырайық!

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Бұрғылау жұмыстары қалай басталды?

1970 жылға дейін Маңғышлақтағы пайдалану ұңғымаларын бұрғылау Жаңаөзен қаласында орналасқан бұрғылау жұмыстары трестерінің күшімен жүргізілді.

Алғаш басқармалар қай кенорындарда бой түзеді?

1970 жылдың 1 қыркүйегінде бұрғылау жұмыстарының бұрынғы тресінің базасында бұрғылау жұмыстарының Өзен және Жетібай басқармалары құрылды.


Алғашқы басшылық құрамы қандай болды?

Басшылар болып Н. Марабаев, Д. Нұрисламов, Қ. Қарамұрзаев тағайындалды.



Бұрғышылардың өз міндеттерін табысты орындауы Өзен мұнайшыларының өндіру көлемін арттыруға мүмкіндік берді, олар Өзен кенорнынан мұнай өндірісін арттырып, жылына 17 миллион тоннаға дейін жеткізді.

КОМПАНИЯ ТАРИХЫ



ҰҒЫМАНЫ БҰРҒЫЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖАҒАЛЫҚТАР

Н. Марабаевпен, М. Чудновскиймен, В. Бурхайломен жасақталған Өзен алаңындағы техникалық суды ұңғыманы бұрғылау технологиясы үлкен маңызға ие болды. Сондай-ақ, күкіртсутекті контурда бұрғылау проблемасы шешілді. (Т. Чудновский, А. Абрахманов). А. Еремін басқаратын бригада жылына 60 мыңнан кем емес тау жынысын бұрғылады, бұл ол уақытта Қазақстанда ғана емес, КСРО-да да рекордтық көрсеткіш болып есептелді.

Мұнай өнеркәсібі министрлігі бұрғылау бригадаларының арасында Бүкілодақтық социалистік жарыстардың нәтижесі бойынша аталған бригада ұжымы бірнеше рет бірінші орынға ие болып, «КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің ең үздік бұрғылау бригадасы» атағын алды.

МҰНАЙ БҰРҒЫЛАУДА ҮЗДІК АТАНЫП, ЕҢБЕГІ ЕЛЕНГЕНДЕР

VIII бесжылдықта Өзенде үздік бұрғышылар тобы қалыптасты. «Социалистік Еңбек Ері» атағын алған бұрғышы шеберлер – А.П. Еремін, Т. Қадыров, Г.И. Шевченко. Бұрғышылар тобы үлкен үкіметтік марапаттарға ие болды. «Ленин» орденімен бұрғышылар Х. Мұхаметдинов және Т. Опиев, «Октябрь революциясы» орденімен бұрғылау шебері Г. Әбдіразақов пен мұнара тұрғызу кеңсесінің прорабы Ш. Аспенбетов, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен бұрғышылар М. Бегов, А. Замятин, А. Медеуов, «Қызыл Ту» орденімен Н. Алмағамбетов, К. Казимагомедов, Л. Базарбаев, Н.Тасбулатов, машинист А. Жолмағамбетов, күрделі жұмыстар шебері П. Филін, электр пісіруші Б. Мұхамбетов, моторист Б. Қыдырбаев, мұнара тұрғызу кеңсесінің пісірушілер бригадирі Ш. Косбаев, ӨҚБ темір ұстасы В. Ткаченко, «Құрмет белгісі» орденімен бұрғышылар А. Байжанов, Т. Базарбаев, В. Тютереv,

И. Чаусяеский, Партком хатшысы К.Нұрғалиев, ОИТҚ ауысымының бастығы Хамракулов, электр пісіруші К. Ерболатов, машинистер С. Шатенов, моторист М. Кашапова, «Қажырлы еңбегі үшін» медалімен - БЖБ бас геологы К.Қарамурзиев, ӨҚБ аға механигі А. Құсайынов, электромонтер Герматко және бұрғышы көмекшісі Ю. Коновалов, «Ерен еңбегі үшін» медалімен - токарь Ж. Багапов, мотористер К. Сысоева, А. Палева, краншы С. Қошмағамбетов, жұмысшы О. Банина, электр пісіруші Т. Плетян марапатталды.

ҚАЙ БРИГАДА ТОП ЖАРДЫ?

Басқарманың 10 бригадасы Мұнай өнеркәсібі министрлігінің ең үздік бригадасы атағына ие болды, ал Басқарманың өзі 1970-1980 жылдары төрт рет Одақтың бұрғылау кәсіпорындарының арасында жеңімпаз атанды және КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің ауыспалы Қызыл Туына ие болды.

ЖЕТІСТІКТЕР

Мұнай Министрлігінің, Бүкілодақтық кәсіподақ кәсіпшілігінің Ауыспалы Қызыл Туын 4 рет жеңіп алған. Серіктестік ұңғымаларды бұрғылау мен күрделі жөндеуден өткізуде шетелдік және жеке фирмалармен жұмыс жасауда тәжірибе жинақтады. Қолда бар бұрғышылар тобы мен бұрғылау қондырғыларының паркі еліміздің барлық аумағы мен одан тыс жерлерде жұмыс өндірісін орындауға мүмкіндік береді. Аудандық инженерлік-технологиялық қызметінің саны екіден төртке дейін көбейді. Бригадалармен байланыс нығая түсіп, басқару жеңілдеді, электронды байланыстар орнатылды. Мамандар жұмыс процесін өз жұмыс орындарында отырып бақылауға қол жеткізді.



ДАҢҚТЫ МҰНАЙШЫНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ ТОЙЛАНДЫ

*Мемлекет және қоғам қайраткері,
еліміздің мұнай-газ өндірісінің шебер ұйымдастырушысы,
«Мұнайшы» қоғамдық қорын құрушылардың бірі
марқұм **НӘСІПҚАЛИ ӘБУҒАЛИҰЛЫ МАРАБАЕВТЫҢ**
туғанына 80 жыл толуына орай «Бұрғылау» ЖШС-ның ұйымдастыруымен
Жаңаөзен қаласында ауқымды іс-шара өтті.*

«Жақсыны халық мақтар» демекші еліне ерен еңбегі сіңген, қазақ мұнайы саласының дамуына зор үлесін қосқан азаматты құрметтеп, ел алдында, ұрпағы алдында есімін ескеріп жатқандығы үшін ұйымдастырушыларға алғысын білдірген Нәсіпқали Марабаевтың жары Ләйлә Марабаева мұнайлы қалаға алғаш табан тіреген кездерін: – Біздер Сарқамыс деген жерде тұрғанбыз. Өте әдемі кішкентай ғана болатын. Ол жақ алақандай жер болғандықтан, барлығы бір-бірін танитын, араласатын. Маңғыстауға көшеміз дегенінде, қайда, қандай ортаға барамыз деген қорқыныш болды. Бірақ, бұл жер бізді бөтенсімеді, өте жылы қабылдады. Он жарым жыл тұрдық. Кейін Шевченко қаласына жұмыс бабымен ауысып бара жатқанымызда, кезінде Сарқамыстағыдай Өзенімді де қимай жол бойы көзіме жас алып жылағаным бар. Жалпы, сол кездегі халықпен аралас-құралас болып, әбден сіңісіп кеткенбіз. Әлі күнге дейін Жаңаөзен қаласы мен үшін өте ыстық, – деп, сағынышпен еске алды.

Қаланың кіреберісі «Жаңаөзен» стелласында даңқты мұнайшының жарын, ұрпағын, дос-жарандары мен әріптестерін қарсы алу рәсімінен басталған шара – Өзен кенорнын тұңғыш ашқан бұрғышы мұнайшыларға арналған «Бұрғышылар» аллеясындағы салтанатты жиынға ұласты. Жиналған қауым алдында Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Сүйіндік Алдашев, ардагер мұнайшы, мемлекет және қоғам қайраткері Равиль Чердабаев, «Өзен бұрғылау жұмыстары» басқармасының ең алғашқы бригадасының бұрғышысы Болатбай Қарамұрзаев, Н. Марабаевтың ұлы Ермек Марабаев сөз сөйледі. Ардагер бұрғышының рухына тағзым етіп, гүл шоқтары қойылды.

– Н. Марабаев өзінің еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастап, барлық күш-жігерін еліміздің экономикалық-әлеуметтік салаларын, соның ішінде мұнай өндірісін дамытуға жұмсаған ірі тұлға. Сонау алпысыншы жылдары енді ғана мұнай беріп бастаған «Өзен» кенорнын игеруге зор үлесін қосты. Ағамыз басқарған «Өзен бұрғылау жұмыстары» басқармасы мыңдаған мұнай ұңғыларын қазып, өнім алды. Ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілетінің арқасында мұнай саласы дамыды. Жалпы айтқанда, бүгінгі күннің жемісі ағамыз секілді ел азаматтарының еңбегі, – деді облыс әкімінің орынбасары С. Алдашев.



НӘСІПҚАЛИ МАРАБАЕВ

Сондай-ақ, сөз кезегін алған ардагер мұнайшы, экономика ғылымдарының докторы Равиль Чердабаев: – Құрметті жамағат! Ардақты азамат, халқына адал, әрі нәтижелі еңбек атқарған Нәсіпқали бауырымыздың көзі тірі болғанда, 80 жылдық меретойын тойлар едік. Өкінішке орай, арамыздан бақиға аттанып кеткеніне 10 жыл болып қалыпты. Бүгінгідей мүмкіншілік туғызған Н. Марабаев атындағы мұнай қорына, жанұясына, облыс және қала әкімшіліктеріне, «Бұрғылау» мекемесіне алғыс білдіремін.

XX ғасырдың екінші жартысында Атырау мен Маңғыстау өңірлерінде мұнай саласы дами бастады. Мұнайлы өлкеге ең алғаш бұрғышылар, барлаушылар келді. Маңғыстау өңірін ірі отын және энергетика комплексіне айналдыру жолында көптеген жұмыстар атқарылды, яғни қаншама адамның тері төгілді, еңбегі сіңді. Солардың қатарында, Нәсіпқали Марабаевтың есімін ерекше атауға болады. Ол 1959 жылы Мәскеуде институтты аяқтап, еңбек жолын қарапайым бұрғышының көмекшісінен бастап, 50 жыл ерен еңбек етті.



Соның ішінде, облыстағы басшының бірі болды. Орталық партия комитетінде қызмет етті. Бүкіл, ғұмырын өндіріске арнады. Егер де, қазір Маңғыстауда ірі-ірі атом, энергетика, химия т.б. кәсіпорындар ашылса, осы Нәсіпқалидың жасап кеткен бастамалары. Ол қажырлы еңбегімен артынан өшпестей із қалдырды - деп көпшілік алдында итальян жазушысы, ірі саясаткер Марк Цицеронның мына бір нақыл сөзімен аяқтады «Бақиға аттанып кеткен адамның өмірі өзінің замандастарының және де артынан лықылдап еріп келе жатқан ұрпақтардың есінде қалуымен жалғасады».

Әрине, өте орынды келтірілген дәйек-сөз. Ал, «Өзен бұрғылау жұмыстары» басқармасының ең алғашқы бригадасының бұрғышысы Болатбай Қарамұрзаев Н. Марабаевтың тұлғалық, біліктілік қабілетін қызметтес болған жылдарымен еске алады. - Нәкеңмен 1972 жылы Өзен геологиялық барлау экспедициясы тарағаннан кейін, «Өзен бұрғылау жұмыстары» басқармасында бірге жұмыстас болдым. Жұмысты ұйымдастыру қабілетіне, қызметкерлермен тіл табысып, олардың пікірлерімен санаса білетін қасиетіне талай куә болғанмын. 1976 жылдың маусым айының аяғында бригадаға келіп, мен ол уақытта ұңғылар цехының шебері едім, қызметкерлерді жинатып, айдың аяғына дейін екі ұңғыны тапсыруды жылы лебізбен жеткізген болатын. Егер де, жоспар орындалса жұмысшыларға қосымша сыйақы берілетінін айтқан. Тапсырма орындалған соң, уәде бойынша бригаданың әрбір мүшесін қаржылық сыйлықпен қуантқаны әлі күнге дейін есімде. Нәкең тек қана Өзен кенорнына ғана емес, Темір-Баба, Тамды, Қауынды, Тасболат, Жетібай, Қарамандыбас кенорындарына еңбегі сіңген. Ол жұмыспен бірге мамандарды даярлай білді. Соның бір нәтижесі, 1977-78 жылдары аталмыш басқармадан енші алып жаңа мекемелер құрылды. Сол мекемелерде Нәкең дайындаған мамандар қызметке кірісті. Атап айтсам, Н. Иманбаев, Д. Назарбеков, І. Шағырбаев, А. Раушанов, Қ. Үсенов, Т. Сейтмағанбетов, С. Айдарбаев, М. Ақшабаев, Қ. Бармақов, Ө. Телеғұсов, Т. Базарбаев, А. Өтесінов, М. Өтебаев, Б. Оңғалбаев т.б. азаматтар мұнай саласында жауапты қызметтер атқарды. Қазір зейнеткерлер қатарында. Жас жігіттердің білімділігінің арқасында Қызылорда қаласындағы кенорынды ашуға «Өзен бұрғылау жұмыстары» басқармасының мамандары атсалысты. Сол кезде «Марабаев мектебінен шыққан» деген жылы сөздер көп айтылатын.



Қала тұрғындарының сауаттылығын арттыру мақсатында Нәкең басқарманың кадр бөлімінің бастығымен бірге Өзеннен Гурьев политехникалық техникумының әуелі кешкі бөлімінің филиалын ашуға, кейін өз алдына мұнай техникумы болып қалыптасуына күш салды. Бұрғышылар мен шеберлер оқуға түсіп, білімдерін жетілдірді, – дей келе, Өзен кенорнында қазылған ұңғылардың 90 пайызына қолтаңбасы, маңдай тері сіңген Нәсіпқали Марабаевтың есімі ешқашан ұмытылмауы қажеттігін жеткізді.

Асқар таулы әкенің адамгершілік, тұлғалық, іскерлік қасиеттеріне қаныққан Ермек Марабаев еңбекке араласқандағы ең алғашқы қадамын әкесі қалыптастырған мекемеде бастағанына қуанышты екенін білдірді. Сондай-ақ, әке есімі Жаңаөзен қаласының көшелерінің біріне беріліп, «Әкелердің ерлік еңбегі - жастарға мұра» демекші болашақ ұрпақтың ұлт азаматтарын біліп, танып жүруіне мүмкіндік жасалғанына алғысын айтты.

Осы күні Н. Марабаевтың тұрған «Самал» шағынауданы №36 үйіне орнатылған мемориалды тақтасы салтанатты түрде ашылды. Сонымен қатар, Н. Марабаев атындағы қоғамдық қордың Ұлы тұлға жайында әзірлеген кітабының тұсауы кесіліп, шараға қатысушыларға үлестірілді.

Жазира АҚБЕРГЕНОВА

ЕСКЕРТКІШ БЮСТ АШЫЛДЫ

Қаладағы Марабаев даңғылы бойында орналасқан «Бұрғышылар» аллеясы ескерткішінің жанынан мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі мұнайшы Нәсіпқали Марабаевтың туғанына 80 жыл толуына орай бюст ескерткіш ашылды. Салтанатты шараға қала әкімінің орынбасары И. Сағынбаев, қалалық мәслихат хатшысы С. Мыңбай, мекеме басшылары, ардагерлер, қалалық мәслихаттың депутаттары және жастар қатысты.

Қалалық мәслихат хатшысы Сақи Мыңбай және ардагердің ұлы Ермек Марабаев ескерткішті салтанатты түрде ашты. Содан кейін жиналған қауым бюст алдына гүл шоқтарын қойды. Шара барысында ардагер мұнайшы Тыныштық Базарбаев сөз сөйлеп, Нәсіпқали Марабаевтың адамгершілік қасиеті жоғары болғанын айтып, өзінің бірге қызмет атқарған жылдарын еске алды.

Нәсіпқали Әбуғалиұлы Маңғыстау облысына сіңірген еңбегі, адамзатқа, табиғатқа деген қамқорлығы арқасында ел есінде мәңгі қалады.

Гүлсім МҰРЫНОВА

ҰЖЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТ

Шараның мақсаты – қызметкерлерге тиімді қарым-қатынас құрудың жолдарын үйрету арқылы ұжым ішіндегі өзара ынтымақтастық пен татулықты нығайту болды.

Тренинг барысында қызметкердің ішкі психологиялық жай-күйін анықтап, жұмыс бағытын бекітуге бағытталған сауалнама, тесттер жүргізілді. Қызметкерлердің санасына ой салу, түсіністік пен сенім қалыптастыру, қарым-қатынасты нығайту мақсатында түрлі психологиялық ойындар ойнатылды.

Динара МҰСЫЛМАНОВА,
қаржы бөлімінің инженері:

– Тренинг өте тамаша өтті. Бізде алғаш ұйымдастырылуы. Күнделікті өмірде ұсақ-түйек болып көрінетін нәрселердің өзінде үлкен мән жатқанын түсіндік. Кешіре білу, өзгенің еңбегіне сыйластықпен қарау, өзінді ортада дұрыс ұстау мәдениеті сияқты тақырыптар сөз

«Бұрғылау» ЖШС-да «Ұжымдық мәдениет» тақырыбында компанияның 750 қызметкерін қамтыған ауқымды тренинг өткізілді.

Аталмыш шараны Эриксон Халықаралық Коучинг университетінің сертификатталған кәсіби коучі, бірнеше халықаралық тренинг бағдарламалар бойынша білім алған тренер Ақан Мергембай жүргізді.



болды. Жақсы әсер алдым. Мекеменің алға жылжуы ұжымның беріктігіне байланысты. Бүгін осы бағытта көптеген пайдалы кеңестер алдық. Осындай шаралар жиі өткізіліп тұрса деген тілек бар.



«Бұрғылау» ЖШС-ның бас директоры Дүйсенбай Таушанов мекемені озық технологияға сай жаңарту, өндірістік жұмысты жандандыру мақсатында шегендеу цехына 15 жаңа техниканың кілтін табыс етті.

ЖАҢА ТЕХНИКА ТАБЫСТАЛДЫ



Мекеме басшысы игі іс жұмысшылардың өнімді еңбегі үшін жасалып отырғанын атап өтіп, жұмыстарына табыс тіледі.

- Қашан да жаңа техника өндірістік жұмысты жандандыруға, үздіксіз жұмыс істеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Сол себепті, қызметкерлеріміздің табысты еңбек етуі үшін жаңа техникалармен қамтамасыз етуді жөн деп таптық. Игі істер жалғасын тауып, алға қойған жоспарларымыз орындала берсін, - деді Д. Таушанов.

Сондай-ақ, «Бұрғылау» ЖШС бас директоры мекеме жұмысын жақсарту мақсатында қазіргі таңда жүргізіліп жатқан және жоспарланған жұмыстарын айтып өтті.

Оның ішінде, логистика жүйесін нығайту бағытында үздік мамандармен келіссөздер жүргізу, техника мен құрал-жабдықтарды тексерістен өткізіп, қалпына келтіру, жаңарту жұмыстары жүзеге асырылып, жаңа қондырғылар орнату, өндірістегі шаруашылық-тұрмыстық корпустарын жаңарту, әлеуметтік сала жұмысын нығайту, шегендеу цехының алаңшасына толық су ағынды жолдармен асфальт жабындысын төсеу жоспарға қойылған. Оған қоса, шегендеу цехын жаңарту мақсатында «ЖігерМұнайСервис» ЖШС мекемесімен келісім-шарт жасалып, жұмысшылардың біліктілігін арттыру бойынша оқыту мәселесіне де көңіл бөлінген.

Шарада шегендеу цехының 15 жүргізушісіне **5 КАМАЗ АЦН** (82 639 000 теңге), **3 КАМАЗ Агрегат** (81 758 400 т), **2 цементовоз** (48 224 600), **2 УАЗ** (8 280 000) және жалпы құны 51 908 500 теңге тұратын **3 ХОН** (жүк тиегіш) көлігінің кілті табысталды.

Жазира АҚБЕРГЕНОВА





«ЖҰМЫСШЫ МҮДДЕСІ - БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ»

«Бұрғылау» ЖШС-да бүгінгі таңда 2100-ден аса адам еңбек етсе, оның 95 пайыздан астамы мекеме жанынан құрылған кәсіподақ ұйымына мүше.

Мекеме жұмысшыларының жай-күйімен танысып, атқарған шаруалары, алдағы күнге жоспарларын білмек болып, ұйым төрағасы Сәкен Бекқалиевпен сұхбат құрдық.

– Кәсіподақтың міндеті – жұмысшының құқығын қорғау. Жұмыс беруші кәсіподақтың талабымен санасады, ал жұмысшы топ кәсіподаққа арқа сүйейді. Ендеше, әңгімемізді өзіңіз басқарып отырған ұйымның қызметінен бастасақ.

– Жалпы, кәсіподақ ұйымы іс жүзінде жұмысшылардың мүддесін қорғайтын бірден-бір орын екенін өзіңіз де айтып өттіңіз. Біз ең алдымен Серіктестіктегі еңбек заңдылықтары мен қауіпсіздіктің сақталуын, өзекті мәселелердің оң бағытта шешілуін қамтамасыз етумен қатар басқа да еңбекке қатысты түйткілді жағдайларды басты назарда ұстаймыз. Бүгінгі таңда жұмысшылардың әлеуметтік мәселелері толықтай шешімін тапқан деуге болады. Айлық жалақылары сәйкесінше төленіп, өндірістегі жағдайлары тиісті мамандар арқылы жедел түрде шешіледі. Бір арыз қараусыз қалмайды, себебі оның артында үлкен әлеуметтік мәселе болуы мүмкін.

- Осы аталған мәселелерді шешуде басшылықпен етене жұмыс істеу қаншалықты дұрыс жолға қойылған?

- Қазіргі таңда мәселелерімізді ашық түрде Серіктестік басшыларының алдына қойып, оларды шешуде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып келеміз деуге толық негіз бар. Яғни, әлеуметтік серіктестік жағдайында жұмыс жасау деңгейіне қол жеткіздік. Бұны компанияға жаңа басшы мен жаңа жас мамандардың келуімен тығыз байланыстыруға болады. Кез келген мәселені дау шығарып, шу көтеруге апармай-ақ, үстел басында отырып шешуге қол жеткіздік. Бұл да креативті көзқарастағы жаңа басшылықтың біздің ниетімізді түсінуі деп ойлаймын. Бүгінде мекемеде біздің ұсынысымызбен еңбек кодексінің заңдылықтарын сақтау мақсатында құрылған келісім және өндіріс комиссиялары жұмыс істеуде. Еңбек өнімділігін арттыру мақсатында берілген ұсынысымыздың нәтижесінде жаңа техникалар сатып алынды.

Серіктестік отбасында қиын жағдайларға душар болған жұмысшыларға өз тарапынан көмек көрсетуді қолға алды. Бұлардың бәрі түптеп келгенде жұмысшының жұмыс берушіге деген сенімін арттыратын қадам деп есептеймін. Мүдделер үйлесімділігі болған жерде түсіністік пен сыйластық артатыны сөзсіз.

- Жұмысшылардың демалысын ұйымдастыру жағы қалай?

- Әрине, жұмыстың оңайы жоқ. Әйтсе де, ми қайнатар аптап ыстық пен қытымыр қыстың суығында аянбай еңбек етіп жүрген әрбір мекеме қызметкеріне сәйкесінше, әлеуметтік жағдай жасалуы тиіс деп есептеймін. Бұл тұрғыда көптеген іс-шаралар қолға алынды. Ел көлеміндегі таңдаулы 20-дан астам демалыс орнымен келісім-шартымыз бар. Оның ішінде биыл ғана жолдама беріле бастаған Алматы қаласындағы «Ресорт» шипажайы да жұмысшылардың көңілінен шықты. Бұл орталықпен мұнай мекемелерінің ішінде шарт тек бізде ғана бар екендігін мақтанышпен айта аламыз. Бүгінгі таңда 700-дей жұмысшымыз түрлі демалыс орындарына барып келді. 50 қызметкеріміз еліміздегі басты саяси шара – Астана қаласында өткен ЭКСПО көрмесін тамашалауға мүмкіндік алды. «Кендірлі» демалыс орнын да жаз кезінде тиімді пайдалануды қолға алдық. Бір мезгілде 64 адам тәулік бойы отбасымен демалатын орында барлық жағдай жасалған. Барушыларға салқындатқыш орнатылған бөлме, 3 мезгіл тамақ және теңізде тегін қайықпен серуендеуге мүмкіндік бар. Теңізге тегін апарып-әкелу жағдайы да қарастырылған. Яғни мұнайшылардың жаз мезгілінде мүмкіндік қалауларына қарай жеке өзі немесе отбасымен кедергісіз демалуларына қолдан келген жағдайларды жасап жатырмыз. Бұл бағытта алда әлі де біріккен жобалар жасауды жалғастыра береміз. Бір айта кетерлігі, бұрынғы жылдары демалыс орындарына баруға асып кетсе 300-400 адамға жағдай жасасақ, биыл бұл көрсеткіш 2 есеге көбейді. Бұл «Бұрғылаудың» кәсіподақ тарихында бұрын-соңды болмаған жағдай. Мұның бәрі жалақының көтеріліп, әлеуметтік жағдайдың жақсаруымен байланысты.



*Сәкен Бекқалиев
кәсіподақ төрағасы*

- Сіздердің бұлардан бөлек түрлі спорттық шараларға демеушілік көрсетіп, қайырлы іс жасауда да қалыс қалмайтындарыңызды білеміз. Осы орайда атқарылған жұмыстарыңыз туралы айта кетсеңіз.

- Кәсіподақ ұйымы қазір біреуге алақан жаятындай жағдайда емес. Ұйым мүшелерінің қажеттіліктеріне қарай жәрдем беру, спорттық шараларға, мүжәлсіз отбасыларға қолдан келгенше көмек көрсетуге тырысамыз. Осы орайда 1 маусым - балаларды қорғау күнінде өз қызметкерлеріміздің бүлдіршіндеріне арналған мерекелік концертпен қатар, Жаңаөзен қаласындағы оңалту орталығының 216 тәрбиеленушісіне сыйлықтар тапсырып, қуаныштарына ортақтастық. Облыстық кәсіподақ ұйымымен бірлікте аймақ көлемінде түрлі қайырымдылық шараларға етене араласып, демеушілік жасадық. Мүмкіндігінше мүжәлсіз отбасыларға да көмек қолын созуға тырысамыз.

|| *Бұрынғы жылдары демалыс орындарына баруға асып кетсе 300-400 қызметкерге жағдай жасасақ, биыл бұл көрсеткіш 2 есеге көбейді. Бұл «Бұрғылаудың» кәсіподақ тарихында бұрын-соңды болмаған жағдай.*

||



Таяуда ғана мекеме жұмысшылары қаражат жинап, оған кәсіподақ ұйымы да қаржылай қолдау білдіріп, «Рахат» ауылындағы бір үйдің төбесін жауып, ішіне жылу орнатылды. Биыл тұңғыш рет Наурыз мерекесі қарсаңында әр отбасыға сыйлық дайындадық. Балаларға ұлттық тәрбие беру, төл мерекеміздің маңызын ұғындыруға аз да болса үлес қосу мақсатында жасалған бұл қадамымызды ешкім терістемес. Елбасының биылғы Жолдауын насихаттау шараларынан да тыс қалып жатқан жоқпыз, талқылау, үн қосу жұмыстары жоспарлы түрде ұйымдастырылып жатыр.

- Жұмысшы мүддесін қорғауда алда тағы қандай шаралар атқарылмақ?

- Жақсы ой көп. Жасалған ауқымды жұмыстарды ары қарай жалғастыра береміз. Одан бөлек, 2018 жылдан бастап ұжымдық шарт жаңаланбақ. Сол жерде әлеуметтік пакетті кеңейту мәселелерін қарастырмақпыз. Сонымен қатар, «Бұрғылау» ЖШС-ның басқа облыстарда жұмыс көлемінің болуына байланысты сол аймақтарда еңбек етіп жүрген қызметкерлердің жағдайларын қолға аламыз. Тағы бір мәселе – Маңғыстау облысы мұнай-газ мекемелері шоғырланған аймақ болғандықтан, ортақ мәселелердің орын алуы түсінікті жағдай. Бірақ әр мекеменің кәсіподағы ұқсас мәселелерді түрліше шешіп жатады. Осы орайда, менің ойымша біздің аймаққа да облыстық салалық кәсіподақ ұйымын құратын уақыт жеткен тәрізді. Ендігі жерде сол мәселені қолға алғымыз келеді. Оның алғышарттары бар. Қалғаны – уақыт еншісінде.

*Сұхбаттасқан
Айжан НАСЫРОВА*

БІЛІКТІЛІКТІ КӨТЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ



Қазіргі таңда Серіктестікте екі мыңнан астам қызметкер еңбек етеді. Олардың 43 пайызы еңбек өтілі 10 жылдан асқан тәжірибелі мамандар болса, 57 пайызын жас мамандар құрайды.

Персоналды басқару бөлімінің негізгі міндетінің бірі – қызметкерлердің біліктілігін көтеру. Бұл орайда компания тарапынан тиісті іс-шаралар ұдайы өткізіліп отырады. Соңғы 5 жылдың өзінде Серіктестік қызметкерлері арнайы мамандық бойынша Қазақстандағы және шетелдердегі оқу орталықтарына жіберіліп, біліктіліктерін арттырды. Атап айтқанда, технолог, геолог, механик, энергетик, бұрғылау автоматтандыру мамандары Астана, Алматы, Қарағанды, Ақтау, Атырау, Мәскеу, Уфа, Қазан қалаларындағы білім ордаларында болып, кәсіби шеберліктерін шыңдады. Сондай-ақ, бас мамандар АҚШ, Қытай Халық Республикасындағы, Германиядағы бұрғылау қондырғыларын және оларға қажетті қосалқы бөлшектерді шығаратын зауыттарға жіберіліп, қондырғыларды іске қосу, пайдалану технологиясы бойынша білімін жетілдіреді. Жан-жақтан білікті мамандар шақыртылып, корпоративтік семинарлар ұйымдастырылады. Одан басқа, 2013 жылы Серіктестік ішінен оқу орталығы ашылып, қазіргі кезде барлық қызметкерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қауіпті өндіріс аймақтарындағы өнеркәсіп қауіпсіздігі, өрт-техникалық минимум курстары бойынша жыл сайын оқытылады.

1935 | қызметкер өндірістік қауіпсіздік шараларын түсіндіру мақсатында оқытылды

20 | қызметкер еңбек кодексіндегі жаңа заңнамаларды түсіндіру бойынша оқытылды

211 | қызметкер «IWCF стандартымен бұрғылау кезінде ұңғыманы басқару» өндірістік-техникалық оқулары бойынша оқытылды

20 | қызметкер IT саласы бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өтті

15 | қызметкер экономика және қаржы саласындағы жаңа жүйелерді енгізу курстарынан өтті



**Рашид ИСМАИЛОВ,
Өндірістік қамту
базасының бастығы:**

ӨНДІРІСТІК ҚАМТУ БАЗАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ҚАРҚЫНДЫ

Өндірістік қамту базасының бекітілген басты міндеті – бұрғылау қондырғыларының үзіліссіз, әрі тоқтаусыз қызмет етуіне толыққанды жағдай жасау. Негізгі атқаратын қызметі – «Бұрғылау» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігіне қарасты барлық қондырғыларға, жабдықтарға, аспаптарға жөндеу жұмыстарын жүргізіп, техникалық жағдайларын тексеру және жақсарту. Өндірістік қамту базасының өзіне тән кесу, жону, электрогазбен дәнекерлеу, ток күшімен жұмыс жасайтын жабдықтар мен аспаптарға қызмет көрсету шеберханалары бар.

Қазіргі таңда өндірістік қамту базасында 250-ге жуық қызметкер еңбек етеді. Олардың қатарында 22 маман басты инженерлік техникалық жұмысшылар құрамын құрайды. Қызметкерлер белгіленген міндеттеріне сай кейбірі ауысыммен, енді бірі бес күндік режиммен жұмыс жасайды.

«Бұрғылау» Серіктестігінің басты қызметтерінің бірі жердің таза дейгейінен жаңа шыңыраулар қазу болса, өндірістік қамту базасы бұрғы қондырғыларының сапалы әрі үздіксіз жұмыс жасауына тікелей жауап береді. Серіктестікте бұрғылау қондырғысы-

мен етене қызмет жасайтын 19 бригада, игеру жұмыстарымен айналысатын 14 бригада бар. Өндірістік қамту базасы сол барлық 33 бригаданың тоқтаусыз 24 сағат бойы жұмыс жасап, көзделген межеге жету, тапсырылған міндеттемелерді орындау кезінде жабдықтардың істен шықпай толыққанды қызметін атқаруға мүмкіндік туғызады. Өндірістік қамту базасы алуан түрлі үлкен сораптар, бұрғы жабдықтары, роторлар, бұрғылау ұршығы (вертлюг), беріліс қорабы (коробка передачи), тізбекті редуктор және негізгі түйіндердің мезгілінде, қажет болған жағдайда дер кезінде мойынтірек, тізбек, білік сынды т.б. ішкі қосалқы бөлшектерін ауыстырып, уақытылы іске қосылуын қадағалап отырады.

Өндірістік қамту базасы үшін бекітілген биылғы жыл жоспары толықтай орындалды. «Бұрғылау» ЖШС басты серіктестерінің бірі «ӨзенМұнайГаз» АҚ-ның жыл бойғы тапсырыстары жоғары деңгейлі сапамен игерілді. Сонымен қатар, ағымдағы жылы Атырау облысындағы Жыланқабақ өндірістік аумағында да сапалы қызмет көрсетілді. Алдағы уақытта да тапсырылған жұмыстың ойдағыдай орындалатынына сенім мол.

**Орынбасар
АҚМОЛДАЕВ,**

Орталық инженерлік технологиялық
қызмет көрсету цехының басшысы

ОРТАЛЫҚ ИНЖЕНЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЦЕХЫ



Бригадалардың жұмысын қадағалап, реттеп, ұйымдастырып отыратын 4 аймақтық-инженерлік техникалық қызмет орталығы «ӨзенМұнайГаз» АҚ-на қарасты Мұнай және газ өндіру басқармаларында орналасқан. Серіктестіктегі басқару бөлімдерінің бекітуімен әр айдың басында өндірістік бағдарлама жасақталып, оперативті жоспар құрылады. Жұмыстың орындалу уақыты анықталып, тапсырыс берушінің талабы ескеріледі. Өзге цехтар секілді біздің қызметкерлеріміз де жұмыстың үздіксіз жасалуы, әрі сапалы жүруі мақсатында ауысым бойынша еңбек етеді. Орталық инженерлік технологиялық қызмет көрсету цехы «Бұрғылау» ЖШС қойған талаптар мен белгілеген міндет-жоспарларды дер кезінде орындап, мекемеге толықтай қызмет көрсетіп келеді.

||

«Бұрғылау» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігіне тиесілі Орталық инженерлік технологиялық қызмет көрсету цехы бұрғылау қондырғыларымен етене жұмыс жасап, компанияның үздіксіз қызмет көрсетуіне ықпал жасайтын бөлімдердің бірі.

Цехта 4 аймақтық-инженерлік техникалық қызмет орталығы бар. Ұңғыларды қазу, оның тоқтаусыз жұмыс жасауын қадағалау, қажет жағдайда жөндеу, жаңарту жұмыстарын жүргізу - цехтың негізгі қызметі.

Орталық инженерлік технологиялық қызмет көрсету цехы - Серіктестік қабырғасындағы ең көп қызметкерлер шоғырланған цех. Цехта 700-дей жұмысшы еңбек етеді. Оның 76-сы шебер. Әр бригадаға 4 шебер тағайындалып, өздеріне тиесілі белгіленген аймақтағы жұмыстың жүру барысын қадағалап, бақылауда ұстайды. Төтенше жағдай орын алған кезде өндірістік аймақты және қондырғыларды ретке келтіретін механик, энергетик, электрик сынды бас мамандар қызмет етеді. Технологиялық, геологиялық сынды өзге де процесстер кезінде мамандар сапалы қызмет көрсетуді өздеріне міндет санайды.

||



Асқар ТАГАТАРОВ

Шегендеу цехының бастығы:

Цехтың қызметі - бұрғылау ұңғымаларды игеру бригадаларын транспортпен және арнайы техникалармен қамтамасыз ету. Шегендеу цехының өзіне қарасты зертханасы, арнайы техникалардың жоғары және төменгі бөліктеріндегі жабдықтардың ақауларын жөндеу, аккумуляторға қызмет көрсету шеберханалары бар. 200-ден астам арнайы техника қызмет атқарады, 550-ге жуық маман еңбек етеді. Оның ішінде 23 қызметкер инженерлік техникалық жұмысшылар құрамы болса, 393-і көлік жүргізушілері.

«Шегендеу» цехы Серіктестікке қарасты өзге цехтар мен бөлімшелердің атқаратын бұрғылау және жөндеу жұмыстарына қажетті кран, агрегат, АЦН т.б. сол секілді ауқымды техникалармен және жұмыс барысында сұранысқа ие үлкен транспорт түрлерімен қамтамасыз етіп отырады. Сонымен қатар, цехта аталмыш техникалар мен транспорттың тоқтаусыз жұмыс жасауын бақылап, істен шыққан немесе бойында ақау пайда болған жағдайда техникаларға жөндеу жұмыстарын жасайтын арнайы мамандар қызмет етеді.

Андрей ЖҰМАҒАЛИЕВ

Шегендеу қызмет бөлімі бастығы:

Жұмыс барысы бойынша белгіленген аймаққа бұрғылау жұмыстары жүргізілгеннен кейін шегендеу қызметі басталады. Шегендеу кезінде бастысы бекітілетін аймаққа айдайтын бұрғылау цемент материалы құйылады. Бұл құрамы іріктелген бұрғылау цементі. Жұмыс аяқталғанша цемент қатып қалмауы тиіс және жұмысқа кедергі келтіретіндей құрамы өзгеріп кетпеуі шарт. Сол себепті цемент құрамына талдау жасалады.

Аталмыш цементтің құрамын, құйылуын және қатып қалмауын бақылауда ұстау үшін шегендеу қызметі бөлімінің мамандарына үлкен жауапкершілік артылады. Бүгінгі таңда шегендеу қызметі бөлімінде барлығы 9 инженер еңбек етеді. Оның төртеуі технологтар болса, төртеуі далалық инженерлер. Жұмыс көлеміне қарай қызметкерлер күндізгі және түнгі ауысымдарда да қызмет жасайды.

Бұрғылау ерітіндісін дайындау цехы

Жұма АСАБАЕВ
цех басшысы:



Бұрғылау ерітіндісін дайындау цехының негізгі қызметі – «Бұрғылау» ЖШС тарапынан ұңғымаларды бұрғылау және игеру жұмыстарын жүргізіп жатқан бригадаларды бұрғылау ерітіндісімен қамтамасыз ету.

Мұнай және газ ұңғыларын қазу, оны игеру және бұрғылау жұмыстары кезінде бұрғылау ерітіндісінің атқаратын рөлі орасан зор. Цехта қазіргі таңда 50-ден астам қызметкер жұмыс жасайды. Оның ішінде 5 маман инженерлік техникалық жұмысшылар құрамын құрайды.

Болат АМАНБАЕВ
еңбекті қорғау және қауіпсіздік бөлім бастығы

Қауіпсіздік - басты назарда

Мекеме қызметі өндіріс жұмыстарымен тікелей байланысты болғандықтан, Серіктестік қабырғасындағы еңбек және техника қауіпсіздігі ерекше маңызға ие. Компанияның орындайтын межелі міндеттері мен көздеген мақсаттарына сай қызметкерлердің атқарар еңбегі ауыр, алар жауапкершілігі мол. Қызмет кезінде мамандар қажетіне қарай құрылыс түрлеріне араласып, алпауыт техникалармен етене жұмыс жасайтын болғандықтан, олардың денсаулығы мен өмірін сақтау, еңбекті қорғау және қауіпсіздікпен қамтамасыз етуді компания басты назарға қойған.

Мекемеде ғылым мен техниканың жетістіктері, еңбек технологиялары мен қауіпсіз техникалар жұмыс жасайды. Белгіленген еңбек қорғау нормативтерін орындау үшін кешенді іс-шаралар жиі өткізіледі. Денсаулыққа зиян, қауіпті өндірістік факторларды жоюға қатысты қадамдар жасалып, төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында жұмыс орындары мен құрылыс алаңдарында қызметкерлердің тәртібі мен белгіленген ережелердің қатаң орындалуы қадағаланады. Барлық қызметкерлер және мекеме жұмысымен танысушылар еңбек заңдылығын қорғау жөнінде нұсқамалық өтеді. Бөлімде 9 маман, 1 жетекші, 8 инженер қызмет етеді.



ТАРИХИ СӘТТІҢ КУӘСІ БОЛДЫ



Елорда төрінде тоқсан күннен астам уақыт әлемге есігін айқара ашқан халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесі ел тарихында өткен жылдың теңдессіз оқиғасына баланды. Мамандандырылған көрме жаһанның ең озық техникасы мен баламалы қуат көзін өндірудің оңтайлы жолын іздегендерді бір арнаға тоғыстырып, әлем халқының назарын баламалы энергия көздерін тұтынуға аударды. «Жасыл экономика» идеясы мен оның қозғаушы күші – энергияны күн, жел, судан алу секілді тың жобалар, озық идеялар көпшілік назарына қойылған көрмеге 115 мемлекет және 22 халықаралық ұйым қатысты. Ел назарына әлем павильондарымен қатар алты қабатты ұлттық «Нұр Әлем» павильоны ұсынылды. 90 күнде 3500 мәдени шара ұйымдастырылып, төрт жарым мың ерікті келушілерге қызмет етті. Ресми мәліметтерге сүйенсек, көрмені барлығы 4 млн. адам тамашалаған, соның ішінде жарты миллионға жуығы 180 мемлекеттен келген туристер.

Бұл айтулы шараға қатысуға «Бұрғылау» компаниясы да өз үлесін қосты. Мекеменің басшылығы тарапынан ең білікті, әрі белсенді 50 қызметкер және «Бұрғылау» ЖШС жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің атынан 50 қызметкер «ЭКСПО-2017» көрмесін тамашалауға жіберілді.



Қызметкерлердің жол жүру ақысы, «ЭКСПО-2017» қалашығына кіру билеті, үш мезгіл тамақ барлығы тегін ұйымдастырылды.

Ернар ЕШМҰХАН

Құрылыс шаруашылық бөлімінің бастығы

«Дамыған елдердің энергияның балама көздерін іздеудегі бағыт-бағдарлары, жетістіктері, жаңа техника мен технология жетістіктері өте әсерлі болды. Халықаралық көрмені тамашалау мүмкіндігін сыйлаған ұйымдастырушыларға, басшыларға көп рахмет. Бәрі ұнады. Керемет!»

ӘЛИХАННЫҢ АМАНАТЫ



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мекеменің қолдауымен Жаңаөзен қаласының «Мұнайшы» мәдениет сарайында Н. Жантөрин атындағы музыкалық драма театрының «Әлиханнның аманаты» пьесасы қойылды.

Бір жарым сағатқа созылған пьеса ұлт көсемі Әлихан бастаған Алаш зиялыларының асқақ рухына және Алаш Орданың 100 жылдығына арналған. Реквием жанрында ұсынылған жаңа туындының режиссері Гүлсина Мерғалиева. Қойылымда алашордашылардың күрес жолы, ерік-жігері мен ұлттық рухы, қиындыққа толы өмірлері суреттелген. Халқы үшін жанын пида еткен, ұлты үшін басын бәйгеге тіккен нар тұлғалар туралы қойылған туындының айтары көп.

Пьесада Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәкен Сейфуллин секілді қазақ зиялыларының да образдары шебер сомдалды. Олардың «Алаш Орда» қозғалысын құрудағы мақсаты – қазақты тілінен, дінінен айырмау, сайлау жүйесін енгізу, шекараны бекіту, халықтың болмашы нәрсеге бола айдалып, жер аударылуына қарсылық білдіру еді. Тергеліп жатса да басын имеген Әлиханнның асқақ бейнесін пьесадағы мына бір «абыройсыз арыстан болғанша көкжал болып қасарысып кеткенді жөн санаймын» деген сөздері айқын көрсетті.

Қойылым бейбіт заманда өмір сүріп жатқан ұрпаққа тәуелсіздік жолында құрбан болған қазақ тұлғаларының жанқияр ерліктерін танытып, егемендікті бағалау керектігін ұғындырды.

Жас ұрпақтың рухани жаңғыруына өзіндік үлестерін қосқан театр ұжымына алғысымыз шексіз.



ТЫҢҒА ТҮРЕН САЛҒАН



Маңғыстау өңірінің аға буын мұнайшыларының ішінде Таңбай Қойшыбаевты білмейтін жан кемде-кем. Таңбай ата – тыңға түрен салған алғаш бұрғышылардың бірі. Елсіз жапан далаға алғашқылардың легімен келген бұрғышыға бұл жердің әр тасы таныс. Иесіз сайын даланың алғаш бойына қан жүгіріп, жан біткен сәттерінің куәсі.

Таңбай Қойшыбаев 1932 жылы Шебір жерінде дүниеге келген. Ауылда өскен бозбаланың балалық шағы сұрапыл соғыстың зұлмат жылдарымен тұспа-тұс келді. «Соғыс ешкімді де аяған жоқ, кәрі-жас деп жұмыс талғамадық. Жалаң аяқ, жалаң бас шөп те шаптық, мал да бақтық», – деп еске алады Таңбай ата.

Ол 1951 жылы Маңғыстау өңіріне алғаш келген барлау-зерттеу экспедициясының құрамына қосылады. 1952 жылы әскер қатарына алынып, Ресейде Отан алдындағы борышын өтейді. Араға 3 жарым жыл салып зерттеу тобына қайта қосылады. Аталған топ Түбіжікте бірнеше жыл, кейін Қызан, Ақшымырау жерлерінде барлау бұрғылау жұмыстарын жүргізеді.

- 1957 жылы Түбіжіктен Ақшымырауға көштік. Май таба алмадық. Үмітіміз үзіле бастаған кез. Содан 1959 жылы Өзенге келдік. 3 жылдан соң ғана яғни 1962 жылы алғаш газ шықты. Көп ұзамай мұнай атқылады. Қуанышымызда шек болмады.

Енді тұрақтайтын болдық, табыс көзі ашылды, көп ұзамай ел келеді деген шаттық сезімі бойымызды кернеді. Көп жылдар Ғазиз Әбдіразақовтың бригадасында жұмыс істедім, өмір бойы бұрғышы болдым. Ол уақытта техника жоқтың қасы. Жұмыстың дені қолмен істеледі. Бұрғы қондырғыларының қапталында жер астынан шығатын ілеспе қалдықты жинайтын қосалқы амбар деген болады. Соны 4-5 жігіт болып қолмен қазатын едік. Бульдозер деген жоқ. Жердің қатты-жұмсақтығына қарай кейде 4-5 күнде бітірсек, кейде апталарға ұласып кететін. Жұмысқа таңғы 4-те кеткеннен түнгі 12-де бір келетінбіз. Көлік жоқ. Алыстағы вахталарға атпен, жақындағысына жаяу баратынбыз. Қондырғыларға суды түйемен тасиды. Қиын күндерге қарамастан, мойымай еңбек еттік. Сайдың тасындай іріктелген небір білімді жігіттермен жұмыстас болғанымды мақтан тұтамын. Кейінгі жылдарда Н. Марабаевтың басшылығында еңбек еттім. Жаны жайсаң, жақсы жігіттердің бірі еді. Ондай адамдар қазір кемде кем. Қарапайымдығы, тез арада оңды шешім қабылдай алатын қасиеті, жұмысты шебер ұйымдастыра білуі сүйсіндірмей қоймайтын.

- Қазір рахат заман, керегіңнің бәрі бар. Біздің кезіміздегі жұмыс киімдері кенептен тігілетін. Ол су тисе қаудырлап қатып қалады. Қазіргі киімдер жұп-жұмсақ, жеп-жеңіл. Тіпті көшеге киюге болады, – деп Таңбай ақсақал өткенді еске алады.

Бұл күні сексеннің сеңгірінен асып тоқсанды алқымдаған Таңбай атаның сөзі ширақ, ойы зерек. Уақыт шіркін бойындағы күш-қуатын кеміткенімен, қанға сіңген қайсарлық пен өр мінезі сол қалпында. Мүбина әжей екеуі тәрбиелеп-өсірген ұрпағынан бүгінде немере-шөбере сүйіп отырған абыройлы қара шаңырақ. Оның бір дәлелі – 2017 жылы Қойшыбаевтар әулеті Маңғыстау облысы бойынша өткен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауында жүлделі үшінші орынды иеленіп, қаламыздың абыройын асқақтатқан еді.

Бұл кісілер еңбектің қара қазанында қайнап, сол бір қиын заманда бел жазбай еңбек ете жүріп, Өзен мұнайын игеру жұмыстарының басында тұрды.

Айжан НАСЫРОВА

**«Еңбек Ері», мекеме мақтанышы,
ардақты зейнеткер Бақтыкүл ханым
бүгінде аяулы ана, бақытты әже.**

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН БАҚТЫКҮЛ

Бақтыкүл Тұрсынқұлқызы 1956 жылдың 6 тамызында жұмысшылар отбасында дүниеге келеді. 1974 жылы мектепті бітірген ол ҚазПТИ-дың мұнай факультетіне инженер-механик мамандығы бойынша оқуға түседі. 1979 жылы жас маман ретінде жолдамамен «Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасына» бақылаушы-механик қызметіне жұмысқа қабылданады.

Өмірінің 35 жылын мұнай саласына арнаған зейнеткердің еңбек жолында атқарған жұмысы мен төккен тері аз емес. Ол 1981-1986 жылдары аралығында «Ақпаратты-есептеу бөлімінің» бастығы, 1986-1987 жылдары «Өндірістік-техникалық бөлімінде» жаңа техникалар жөніндегі инженер, 1987-1996 жылға дейін мамандар бөлімінде аға социолог, 1996-2009 жылдары «Мамандар бөлімінің» бастығы, 2009-2014 жылдары, яғни зейнеткерлікке шыққанға дейін, осы бөлімде қызметкерлерді басқару жөніндегі жетекші инженер қызметін атқарған.

Бақтыкүл Тұрсынқұлқызы жастық шағы бүгінгі «Бұрғылау» мекемесінде өтті десек те болғандай: 1989 жылғы Жаңаөзен көтерілісінен кейін, «Өзен БЖБ»-да көптеген қызметкерлер мен жұмысшылар жұмыстарынан кетті. Сол жылы бұрғылау жұмыстарын тоқтатпау мақсатында көршілес жатқан Түркменстан Республикасынан маман-жұмысшылар шақырылды. Оларға тиісті тұрмыстық жағдайлар жасалды. 1996-1999 жылдар аралығында мекемеміз экономикалық тоқырауға тап болып, қызметкерлеріміз бен жұмысшыларымызға еңбекақы бере алмаған қиын кезеңдер де өтті. 1999 жылы мекемемізге жаңа басшы болып Төлеген Әжібаев Насырұлы келді. Сол жылдан бастап жұмысымыз жандана бастады деуге болады. Қызметкерлеріміздің саны 200-ден 2000-ға дейін артып, халықтың әлеуметтік жағдайы да біршама жақсарды. Еңбек жылдарымда Нәсіпқали Марабаев, Өтеш Дүйсенбаев, Құсайын Шалабаев, Қойшыбай Үсенов, Амандық Өтебаев, Төлеген Әжібаев, Асхат Сариев секілді абыройлы, еңбек сүйгіш азаматтармен қызметтес болғанымды мақтан тұтамын. Осы күнге дейін әріптес жолдастарымнан қол үзген емеспін. Сыйласып, араласып тұрамыз, - деп мекемеде болған жақсы



және қиын кезеңдерін еске алады.

Бақтыкүл апа 1980 жылы білікті дәрігер Сұлтанғали Қожановпен отау құрып, 3 баланы дүниеге әкеледі. Балаларының үлкені Айжан бүгінде анасының жолын қуып, мұнай саласында, «ӨзенМұнайГаз» АҚ-ның №4 МГӨБ-да инженер-эколог қызметінде. Ұлдарының үлкені жол апатынан көз жұмған. Бақтыкүл ханым бүгінде кіші ұлы мен қызынан сүйген немере-жиендерінің сүйікті әжесі.

Қызмет жылдары адал, қажырлы еңбегі үшін мекеме басшылығының Құрмет грамоталарымен, Қазақ мұнайының 100 жылдығымен, «Бұрғылау» ЖШС-ның 50 жылдығына арналған төсбелгілермен марапатталып, өзі жұмыс істеген мекеменің Құрмет тақтасына ілінген.

Жанар ПОЛАТОВА.

Бақтыкүл ҚҰРАЛОВА, зейнеткер:

«Хадистерде айтылғандай: «Адам баласы әрбір күнін білімге арнауы тиіс». Елбасымыз: «Сандық заманда тек білімді жастар ғана елімізді 30 дамыған елдер қатарына қоса алады» деген. Болашағымыз білімді, ұлтжанды, еңбекқор жастарымыздың қолында деп білемін».

БҰРҒЫШЫ ЖАСТАР БЕЛСЕНДІ



Бүгінде қаламыздың жас мұнайшылары мен бұрғышылары өлкенің қоғамдық-мәдени өміріне белсене араласып жүр. Олардың арасында бұрғылаулық жастар да аз емес. Мекеме жастарының тыныс-тіршілігі, атқарған игі істері жайында бірлестік төрағасы Амангелді Жақаумен аз-кем әңгімелескен болатынбыз.

Бірлестік қашан құрылды, кімнің қолдауымен, мақсаты туралы айтып өтсеңіз?

- Ел болашағының баянды да тұғырлы болуы сол елдің жастарының қолында. Жалпы кез келген дүниенің пайда болуы әуелі жай ғана ойдан, идеядан басталады. Әр нәрсеге түрткі болатын себеп бар. Мен 2013 жылы «Хабар» телеарнасында өтіп жатқан «Жігіт сұлтаны» байқауына қатысып жатқан кезімде «Бұрғылау» ЖШС-ның қызметкерлері Самат Бопыл және Қанат Алпысбай деген жігіттер хабарласып, алда өтетін Жайдарман ойындарында мекеменің атынан жігіттермен бірге өнер көрсетіп беруімді сұрады. Мен сөздерін жерге тастамай, мұнайшылар күніне орай «Бұрғылау» мекемесінің атынан команда жасақтап, жақсы ойын көрсеттік. Сол ойыннан соң біріксек мекеменің абыройының асқақтауына өз үлесімізді қоса алатынымызға көзіміз жетті. Өйткені, ортамызда әнші, биші, жайдарманшы да болды. Оның үстіне Төлеген Досниязов, Сенбек Нәбиев, Нұрлан Белшер секілді ағалар қолдау көрсеткен соң жастар бірлестігін

құру идеясы пайда болды. Бұл орайда Қарлығаш Джанбусинованың да үлесі зор. Осылайша, 2014 жылы тамыз айында «Бұрғылау» ЖШС-ның жанынан «Бұрғылау жастары» қоғамдық бірлестігі құрылды. Мақсатымыз – компания имиджін көтеру, мерекелік, спорттық, қайырымдылық іс-шараларға қатысып, жастардың уақыттарын тиімді жолға бағыттау болды.

- Қоғамдық бірлестік құрылғалы бері нақты қандай шаралар қолға алынды?

- Әрине, осы күнге дейін атқарылған шаруа аз емес. Мысалы, 2015 жылы концерт өткізіп, түскен қаржыны мүжәлсіз отбасыларға үлестіріп бердік. Сондай-ақ, «Бұрғылау» ЖШС бас директорының кәсіпорын жастарымен кездесуі, «Тегін такси» акциясы, кіші футбол мен волейболдан цехаралық жарыс, мекеме ардагерлерінің үйіне барып көрісу, кәсіпорын қызметкерлері арасында дөңгелек үстелдер, «Маңғыстау – маңғаз мекенім» атты экспедиция, 1 маусым балалар күні қарсаңында «Жаңаөзен арнайы жалпы білім беретін және мектепке дейінгі ұйым» КММ-ның мүмкіндігі шектеулі



балабақша балаларына арнайы сыйлық тарату, қызметкерлерге арнап ауызашар ұйымдастыру, «Кәсіпорын қызметкерлері мен жас мамандарды рационализаторлық, өндірістік жобаларға баулу» атты жастар жиыны, «Таза жағалау – ұрпаққа аманат» атты акция аясында «Кендірлі» теңіз жағалауын қоқыстан тазалап, жөндеу секілді әртүрлі жұмыстарды атқардық. Әрине, бір сұхбатта өткізген шараларымыздың бәрін тізіп өту мүмкін емес.

– Осы шараларға атсалысқан белсенді жастарды атасаңыз.

– «Бұрғылау» жастары өте белсенді. Әділхан Базаров, Бердіғали Атабаев, Елтай Бәкібаев, Нұрболат Боранқұлов, Айжан Ажакаева, Игілік Қосмағанбетова, Жұлдыз Қабдолова, Анар Жауғаштиева, Рүстем Жанжігітов, Шолпан Есжанова, Нұрлыбек Измағанбетов, Қанат Алпысбай, Самат Бопылов, Шоқан Еркебұлан, Динара Мұсылманова, Ибрагим Қаржаубай, Мәулен Сыдықов секілді жастар мекеменің ғана емес қаланың да қоғамдық-мәдени, спорттық өміріне араласып жүр.

– Патриотизм туралы не айтар едіңіз? Сіз патриотсыз ба?

– Отаншыл болу дегеніміз – ұлттық құндылықтарды бағалау, Отанға, ұлтқа деген жанашырлық. Өзім ұлтжандылықты Б. Момышұлы, Елбасымыз Н. Назарбаев пен Б. Тілеухан сынды біртуар азаматтардан үйреніп келемін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) айтқандай «Отанды сүю иманнан, имансыз адам ешқандай отаншыл бола алмайды».

*Әңгімелескен
Гүлсім МҰРЫНОВА.*

КОМПАНИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ТИМБИЛДИНГ



Әрбір жаңашыл кәсіпорын бәсекеге қабілетті болу мақсатында жоғары деңгейде қызмет көрсетуге талпынады. Мұндай табысқа ішкі командалық рухы бар компаниялар ғана қол жеткізе алатыны сөзсіз. Компания басшылығы командалық рухты көтеру және қызметкерлердің өзара қарым-қатынастарын жақсарту, ұжымдық ынтымақтастықты нығайту үшін бар жағдайды жасауға тырысады. Осынау мақсатта қызметкерлер арасында алғаш рет ауқымды тимбилдинг өткізілді.

Жалпы, тимбилдинг сөзінің мәніне үңілсек, ағылшын тілінен аударғанда, ол «команданы құрастыру, құру» деген мағынаны береді.

Қызметкерлердің ұйымшылдығын жоғарылату, бір-бірінің жеке қасиеттерін танып-білу, бірігіп жұмыс жасауға ынталандыру, жоғары тиімділігі бар бірлескен әрекеттер тәжірибесін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған шараның көпшілікке берері мол болды. Тимбилдинг әсем табиғат аясы «Кендірлі» демалыс орнында өткізілді.



Тимбилдингке қатысушылардың жеке пікірлеріне сүйенетін болсақ, өткізілген корпоративтік шара команданың әрбір қатысушысының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін аша отырып, ұжымның бірлігін нығайтуға үлкен септігін тигізген.

АРДАГЕРЛЕРМЕН СЕНБІЛІК



Қалыптасқан дәстүр бойынша көктем келісімен жер-жерде тазалық жұмыстары ұйымдастырылып, сенбіліктер өткізілетіні белгілі. Бұл шара «Бұрғылау» Серіктестігінде де игі дәстүрге айналған. Кәсіпорында ұйымдастырылған сенбілікте қатысушылар мекеме аумағын қоқыстардан тазартып, жол жиектерін әктеп, аумақты абаттандырумен айналысты. 2017 жылдың ерекшелігі – сенбілікке қызметкерлермен бірге ардагерлер де қатысып, мекеме аумағын көгалдандыруға өз үлестерін қосты. Олар ағаш көшеттерін отырғызып, оларды баптаудың қыр-сырларымен бөлісіп, жастарға үлгі-өнеге көрсетті. Сенбіліктен кейін бұрғышы жастар ардагерлерге арнап жас ақындар айтысын ұйымдастырып, тың бастама жасады. Шара соңында ардагерлер естелік суретке түсіп, мерекелік банкетке шақырылды. Бүгінде құрметті еңбек демалысындағы ардагерлер мекеменің алғашқы еңбек жылдарын, қиыншылықтар мен қызықтарды еске алып, басшылыққа ықыласты қамқорлық көрсетіп, бұрынғы әріптестерімен кездесуге мүмкіндік жасағандары үшін алғыстарын білдірді. Кеш соңында қадірлі қонақтарға естелік сыйлықтар берілді. Бұл игі шара алда жалғасын таба бермек.

Операциялық менеджмент

Компанияның басшылық құрамының қатысуымен «Операциялық менеджмент» тақырыбында екі күндік тренинг өткізілді. Басшыларға басқарудың процестік әдістерін меңгерту мақсатында ұйымдастырылған шара ұжым ішіндегі өзара ынтымақтастық пен бірлікті сақтай отырып, табысты жұмыс жасау және оны талап ету қағидаттарын айқындауға бағытталды.

Қазіргі таңда ешбір өндірістің өтімді операциялық менеджментсіз тиімді жұмыс жасай алмайтыны белгілі. Заманауи компаниялардың жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында қалыптасқан операциялық менеджмент ұғымы – материалдарды сатып алудан бастап сатып алушыларға дайын өнімді жеткізумен аяқталатын өндірісті басқаруды сипаттайтын менеджменттің бір түрі болып табылады.

Дәрісті елімізге белгілі бизнес-тәлімгер Жексен Васильевич жүргізіп, түрлі жағдаяттық, тапсырмалық, командалық жұмыс жүйесі арқылы команда мүшелерінің толыққанды қатысуына қол жеткізе білді.

Екі күндік тренингтің барлық қатысушылары аталған шараның білім мен білік-дағдыны жетілдіруде үлкен септігін тигізгендігін атап өтті. Шара соңында әр қатысушыға тренингке қатысқандықтары жөнінде куәлік табыс етілді.

1 МАУСЫМ – БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ



Балаларды қорғау тек атаулы бір күнмен ғана шектеліп қалмайтыны баршаға аян. Дегенмен де, дәл осы күнді бүлдіршіндердің асыға күтетіні де жасырын емес. Әрбір бала бақытты болуға лайық. Бүкіл әлемде барлық жақсылық атаулы ең алдымен балаларға жасалуы тиіс. Әсіресе, жан жылуына әлеуметтік тұрғыда қорғалмаған балалар көбірек зәру. Бұл ретте «Бұрғылау» ЖШС қаламыздағы арнайы мектеп тәрбиеленушілеріне үнемі қолдау көрсетіп, назардан тыс қалдырмай келеді.

Мекеме жастары «Бұрғылау» ЖШС қызметкерлерінің мүмкіндігі шектеулі балаларын үйлеріне барып құттықтап, сыйлықтар табыс етіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Аталған шараға бас директордың орынбасары Думан Мусин және жалпы сұрақтар бойынша атқарушы директор Сенбек Набиев қатысып, балаларды мерекемен құттықтап, зор денсаулық, бақытты балалық шақ пен жарқын болашақ тіледі.



Бүлдіршіндерге әртүрлі ойындар мен сайыстар ұйымдастырылды.

Балалардың ата-аналары мен бүлдіршіндер көтеріңкі көңіл-күймен мекеме қызметкерлеріне, ұйымдастырушыларға алғыс, ризашылықтарын білдірді.

КОМПАНИЯ СЫЙЛАҒАН ҚУАНЫШ

Компанияның дәстүрлі Жаңа жылдық шыршасы қаламыздағы «Дастан» мейрамханасында желтоқсанның 21 мен 24 күндері аралығында өткізілді. Мерекеді Алматы, Шымкент қалаларынан арнайы шақыртумен келген цирк әртістері өнер көрсетті. Көңілді сайқымазақтар, сиқыршылар, әуе гимнастары мен акробаттар кішкентай бүлдіршіндерге жаңа жылдық қойылым тарту етті. Сонымен қатар, бүлдіршіндердің сүйікті мультфильм кейіпкерлері де шырша сәнін келтіре түсті. Мерекені тамашалауға келген балалар театр әртістерімен бірге мерекелік бағдарламаға белсене қатысты, ән салып, би билеп, түрлі сайыстарды тамашалады. Аяз ата мен Ақшақар балаларға ойыншықтар мен тәтті сыйлықтар таратты.



Сенбек НӘБИЕВ

«Бұрғылау» ЖШС-ның жалпы сұрақтар жөніндегі атқарушы директоры

Балаларға арналған Жаңа жылдық мереке өте жақсы деңгейде ұйымдастырылды. Шараға барлығы 2500-ден астам бала қатысты. Мақсатымыз – кішкентай бүлдіршіндерге керемет көңіл-күй сыйлап, олардың қуанышты сәттеріне куә болу.

Нұрбала МЕНДІБАЕВА, Забира КАЛИМОВА
ата-аналар, «Бұрғылау» шыршасының тұрақты қонақтары

Шырша жылда өте тамаша деңгейде ұйымдастырылады. Бәріне ризамыз. Бастысы – балалар мәз-мейрам. Сыйлаған тәттілері де, ойыншықтар да немерелеріміздің көңілінен шықты. Осындай керемет кешті ұйымдастырып, балаларға қуаныш сыйлаған «Бұрғылау» мекемесіне айтар алғысымыз мол.





«Бұрғылау» ЖШС өңіріміздің қоғамдық, спорттық өмірінен бір сәт тыс қалмайтын компаниялардың қатарында. Бұған дәлел – салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың спорттық әлеуетін дамыту мақсатында компания басшылығының ұйымдастыруымен өткізіліп жүрген әртүрлі спорттық шаралар.

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ТУРНИР

Р. Өтесінов атындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде Холдинг кәсіпорындары арасында шағын футболдан турнир өткізілді. Шараны «Бұрғылау» ЖШС бас директоры Дүйсенбай Таушанов ашып, қатысушыларды құттықтап, спортшыларға сәттілік тіледі. Ақтау, Атырау, Жаңаөзен қалаларынан барлығы 8 команда қатысып, «Трубремцентр» ЖШС, «Мұнайфилд-сервис» ЖШС, «Каскор-Машзавод» ЖШС, «Еркін», «Бәйтерек» командаларына «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау», «Казтехмұнайсервис» ЖШС, «Бұрғылау» ЖШС-ның «Бұрғылау жастары» командалары тойтарыс берді. Тартысты өткен ойындардың нәтижесінде I орынды «Бұрғылау» ЖШС командасы, II орынды «Казтехмұнайсервис» ЖШС командасы, III орынды «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС командасы иеленді.

Ең үздік ойыншы болып «МФС» ЖШС командасынан Нұркен Бердіханов, үздік қақпашы – «КМГ-Бұрғылау» ЖШС командасынан Асхат Атшыбаев, үздік қорғаушы – «Казтехмұнайсервис» ЖШС командасынан Асхат Есмұханов, үздік шабуылшы «КМГ-Бұрғылау» ЖШС командасынан Данияр Ғабдуллин, үздік шабуылшы болып «Бұрғылау» ЖШС командасынан Нұрболат Боранқұлов танылды.

Турнирдің салтанаты жабылу рәсімінде бас директордың орынбасары Думан Мусин үздік ойын көрсеткен командалар мен ойыншыларды марапаттап, ақшалай сыйлықтар табыстады.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ДОДАСЫ

Р. Өтесінов атындағы дене шынықтыру және сауықтыру спорт кешенінде «Бұрғылау» ЖШС-ның ұйымдастыруымен Н.Ә. Марабаевты еске алуға арналған, қазақ күресінен IV республикалық ашық турнир өтті.

Төртінші мәрте өз жалауын көтерген палуандар сайысының көздегені – ұлттық спорт түрін, қазақ күресін дамытып, өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу.

Турнир өте жоғары деңгейде өтті. Ең бастысы, ол ата-бабаларымыздан аманат болып қалған қазақ күресі десе делебесі қозатын жанкүйерлердің көңілінен шықты. Жалауын Жаңаөзен қаласында көтерген бұл Республикалық турнир халқымыздың ұлттық спорт түрлерінің бірі – қазақ күресін дамытуға қозғаушы күш болатын үлкен жарыс. Республикалық турнирге Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай облыстарынан 200-ден аса палуан қатысты.

Екі күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша түйе палуандар сайысында: I орынға – Н. Жарылғапов («Шоғы батыр» спорт мектебі), II орынға – М. Жаңабаев (Ақтау), III орынға – А. Аманов (Ақтау) ие болды. Ұйымдастырушылар тарапынан жеңімпаздарға диплом, медаль және ақшалай сыйлықтар табысталды.



БҰРҒЫЛАУЛЫҚ ЧЕМПИОНДАР



22-24 желтоқсан күндері Ақтау қаласында әуесқойлар арасында шағын футболдан «ДЮСШ-1984» кубогына арналған ашық турнир өтті. Жарыс осымен 4-ші рет ұйымдастырылды.

Турнирге Маңғыстау облысынан барлығы 16 команда қатысты. Жарыс алаңында компания намысын қорғаған «Бұрғылау» құрамасы қарсы келген барлық команданы басып озып, жарыс жеңімпазы атанды. Өз тобында 7 ұпай басымдықпен көш бастаған бұрғылаулықтар ширек финалда Ақтау қаласының «ДЮСШ-92» командасын 2:1 есебімен, жартылай финалда «ДЮСШ-88» командасын 6:2 есебімен артқа тастап, финалға жолдама алды. Ақтық жарыста Ақтау қаласының «Парасат» командасымен кездесті. Шеберліктерінің арқасында жарысты 3:2 есебімен қорытындылап, «Бұрғылау» құрамасы турнир чемпионы атанды. Ал команданың екі ойыншысы: 6 голдың иесі Нұрболат Боранқұлов «Үздік сұрмерген», Нұршуақ Айдарбаев шебер ойыны үшін «Үздік ойыншы» атауларына ие болды.

Жүлделі II ші орынға ақтаулық «Парасат» командасы тұрақтаса, «ДЮСШ-88» және Жаңаөзендік «Арлан» командалары III орынды өзара бөлісті.

